

Арыс қалалық мәслихатының 2009 жылғы 5 қарашадағы № 25/158-IV "Ауылдық елді мекендерде тұратын мамандарға әлеуметтік көмек беру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2012 жылғы 13 маусымдағы N 4/31-V шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 4 шілдеде N 14-2-133 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2017 жылғы 24 наурыздағы № 11/78-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық мәслихатының 24.03.2017 № 11/78-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына және "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 18-бабының 5 тармағына сәйкес, Арыс қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Ауылдық елді мекендерде тұратын мамандарға әлеуметтік көмек беру туралы" Арыс қалалық мәслихатының 2009 жылғы 5 қарашадағы № 25/158-IV шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 14-2-84 нөмірмен тіркелген, 2009 жылғы 26 желтоқсанындағы "Арыс ақиқаты" газетінің № 52 санында жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін жергілікті бюджет қаражаты есебінен 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек берілсін."

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат
сессиясының төрағасы
Қалалық мәслихат хатшысы

А.Жауынбаев
Қ.Баймурзаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК